

Оқырмандармен жұмыс

Кітапханалық қызмет көрсету «Кітапхана туралы ережеге» сәйкес жүзеге асырылады.

Кітапхананың білім беру қызметі мектептің даму міндеттері мен пәндік білім беру бағдарламаларында белгіленген мақсаттарды қолдауға және іске асыруға бағытталған. Осы мақсатта білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына қажетті ақпараттық қолдау көрсетіліп, кітапхана қорын пайдалану мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Оқырмандармен жұмыс барысында келесі бағыттар жүзеге асырылды:

- әдебиеттерге ақпараттық шолулар өткізу;
- кітап көрмелерін ұйымдастыру;
- кітапшен жұмыс жасау дағдылары жөнінде әңгімелер жүргізу;
- сыныптан тыс оқуға әдебиеттер ұсыну;
- жалпы мектептік іс-шараларды қолдау.

Кітапхананың негізгі міндеттерін жүзеге асыру мақсатында оқушыларды кітап оқуға тартудың түрлі әдістері мен жұмыс түрлері қолданылды.

Жүргізілген жұмыстардың барлығы оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын дамытуға және оқу жылы бойы кітапхананы тұрақты пайдалану қажеттілігін қалыптастыруға бағытталды.

Көркем әдебиет қоры оқырмандар үшін ашық қолжетімділікте орналасқан.

Сонымен қатар кітапханада педагог қызметкерлерге арналған педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер, мерзімді басылымдар қоры бар.

Әдістемелік әдебиеттердің берілу көрсеткішінің төмен болуы қордағы әдебиеттердің ескіруімен және интернет ресурстарын пайдаланудың артуымен түсіндіріледі.

Қорды пайдалану бойынша талдау

Оқу жылы ішінде жүргізілген бақылау нәтижесінде:

- білім алушылардың 35%-ында оқу дағдыларының жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны;
- түрлі ақпарат көздерімен өз бетінше жұмыс істеу қабілетінің төмендігі анықталды.

Сонымен қатар келесі мәселелер байқалды:

Анықталған мәселе	Үлесі
Көркем әдебиет оқуға қызығушылықтың төмендігі	20 %
Ескірген, сұранысқа ие емес әдебиеттер	10 %
Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін кітаптар	12 %
Қазіргі заманғы жазушылар шығармаларының жеткіліксіздігі	2 %
Жаратылыстану бағытындағы әдебиеттердің аздығы	2 %
Техникалық бағыттағы әдебиеттердің жеткіліксіздігі	0,2 %